

Альгожина Анар Рашидовнаның 8D01102 – Білім беру психологиясы білім беру бағдарламасы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алуға ұсынылған «Жоғары мектеп педагогтарының эмоционалды интеллект пен кәсіби маңызды қасиеттерінің өзара байланысы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының
АННОТАЦИЯСЫ

Зерттеудің көкейкестілігі. Қазіргі қоғамның заманауи білім беру кеңістігі әртүрлі өндірістік және білім беру іс-әрекетінде өзін-өзі жүзеге асыруға қабілетті жоғары білікті кадрларға сұраныстың өсуімен сипатталады. Қазіргі кәсіптік білім берудің ішкі жүйелерін қайта құру процесі қарастырылып жатқан реформаларды сынауға, олардың стратегиялық векторларының бағытына, сондай-ақ қазіргі заманғы педагогтардың тиісті кәсіби маңызды қасиеттерін қалыптастыру мәселесіне қатысты міндеттер кешенін қалыптастырды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» Қазақстан халқына жолдауында ұлттың әлеуетін көтеруде шешуші рөл атқаратын білім беру жүйесінің жай-күйі туралы маңызды сұрақ туындайды, бұл білім берудегі ілгерілеудің қозғаушы күші өз ісіне адал педагогтар екенін көрсетеді. «Ел болашағына арналған стратегиялық инвестиция» тармағында педагогикалық жоғары оқу орындарын аккредитациялаудың жаңа стандартын қабылдау және педагог құзыреттілігінің негіздерін әзірлеу қажеттігі, жоғары сұранысқа ие, жоғары білікті кадрлардың тапшылығын төмендету қажеттілігі бойынша міндеттері көрсетілген. Демек, қазіргі білім берудегі инновациялық қайта құрулардың маңызды басым бағыттарының бірі жоғары мектептің бәсекеге қабілетті педагогтарының қажетті кәсіби маңызды қасиеттерін қалыптастыру процесі болып табылады. Жоғары мектеп оқытушыларының кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру тұжырымдамасын құру теориялық және қолданбалы аспектілердегі ғылыми зерттеулердің инновациялық және перспективалы векторы болып табылады.

Білім беру сапасын арттыру проблемасы жоғары оқу орны басшылығын адамдық ресурстарға, әсіресе оларды құрайтындарға үлкен көңіл бөлуге мәжбүрлейтінін ескере отырып, білім беру сапасын басқарудың маңызды элементі ретінде жоғары мектеп педагогтарының кәсіби маңызды қасиеттерін, құзыреттіліктерін және жұмысты орындауын бағалау ерекше маңызға ие. Ел дамуының жаңа бағытын іске асыру үшін адамдық капиталды дамыту туралы мәселе Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарында көтеріледі, онда педагог кадрлардың оқытушы орны үшін бәсекелестікке тапшылығын жою, білім алушыларды болашаққа дайындауға оқытудың дәстүрлі бағдарламаларын өзгерту қажеттігі, өмір бойы дағдылар мен құзыреттерді тұрақты жетілдіру ынтасына назар аудару қажеттігі атап өтіледі.

Педагог мамандығының кәсіби дамуын және жоғары мәртебесін

қамтамасыз ету Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында да көрсетіледі, онда білім беру саласындағы мамандардың жыл сайынғы жаппай шығарылуына қарамастан, педагог кадрларға деген қажеттілік әлі де сақталатыны атап өтіледі. Жаңа білім беру стандарттары аясында жоғары білім беретін педагогтарының құзыреттіліктеріне, кәсіби қасиеттеріне, сондай-ақ тұлғалық ерекшеліктеріне қойылатын жаңа талаптар туралы мәселе туындайды.

Жоғары мектеп педагогының психологиялық-педагогикалық құзіреттілігіне қойылатын талаптар көптеген себептерге байланысты үнемі күрделеніп тұрады. Біріншіден, инновациялық экономиканы дамытуға қабілетті және мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін жоғары мамандарды дайындауға әлеуметтік тапсырыс Қазақстандағы білім беру үрдісін кешенді түрде жетілдіруді талап етеді. Екіншіден, осыған байланысты оқытудың құзіреттіліктік бағытына өту және жоғары білім беру жүйесін қайта құрастыру сәйкесінше жоғары оқу орын педагогтарына құзіреттіліктеріне жоғарланған талаптар қояды. Үшіншіден, ауқымды ақпараттандыруына, қашықтықтан оқытудың технологияларын ендіруіне байланысты оқытушының студенттермен коммуникативті өзара әрекеттесудің сипаты, соған байланысты жоғары оқу орнының дидактикалық үрдісіндегі орны және рөлі өзгереді. Еңбек нарығының нақты қажеттіліктеріне бағдарлану және елдің жаңа экономикалық бағытының міндеттерін орындау қажеттілігі «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасында атап өтілген.

Адамның жетістігін зерттеуде ғылыми білімге деген қызығушылықтың дамуына байланысты эмоционалды интеллект құрылымы адам өмірінің әртүрлі салаларында өзінің қолданбалы құндылығы мен практикалық пайдасы тұрғысынан танылды. Алынған білімнің жоғары сапасын қамтамасыз етудің қажетті шарттарының бірі педагогтардың кәсіби деңгейін арттыру және қазіргі қоғам талабына сай педагогикалық корпусты қалыптастыру болғандықтан, эмоционалды интеллектті зерттеу мотивациялық сфераны шешу, эмоционалды сезінулерді талдау, педагог тұлғасының өзін-өзі бағалауы мен іс-әрекеттің стресстік шарттарындағы оның тұрақтылығы үшін қажетті шешім қадамы болады.

Эмоционалды интеллекттің теориялық және эмпирикалық зерттеулері Г. Майер, И.И. Ветрова, Д.В. Люсин, Е.А. Орел, Е.А. Сергиенко, Г.Г. Гарскова, И.Н. Андреева, В.С. Юркевич, Э.Л. Носенко, Н.В. Коврига, М.А. Манойлова, Е.А. Хлевная и Т.С. Киселева сияқты зерттеушілердің еңбектерінде қамтылды. Әдістемелік бағыттар, эмоционалды интеллекттің даму деңгейін өлшеу әдістерін әзірлеу және стандарттау Т.Д. Савенкова, З.В. Пархимович, Н.А. Рыбакова, М.А. Алфорова, Ю.А. Кочетова, М.В. Климакова еңбектерінде қарастырылды.

Эмоционалды интеллектті зерттеудің көптеген аспектілерін қамтитын эмпирикалық бағыттағы жарияланымдар батыс ғалымдарының жұмыстарында беріледі: R. BarOn, D. Goleman, R. Cooper, J.D. Mayer, D. Caruso, P. Salovey, G. Matthews, R. Roberts, A. Sawaf, M. Zeidner, M.A. Brackett, M. Davies, R.J. Stenberg, P.N. Lopes, R. Emmerling, S. Kagan, C.L. Gohm және т.б.

Қазақстандық ғылыми әдебиеттерде осы мәселе бойынша зерттеулер эмпирикалық сипатқа ие және әртүрлі тұлғалардағы эмоционалды интеллекттің бастапқы деңгейін зерттеуді қозғайды: С.П. Садуова, А.А. Толегенова, Н.Қ. Тоқсанбаева, Ж.И. Сардарова, А.М. Кустубаева мен Е.В. Багаева, А. Ли, Ж. Айдосова, Г. Тажина. Отандық зерттеулердің ішінде эмоционалды интеллекттің мазмұны мен құрылымын талдайтын бірнеше жұмыстар ерекшеленеді. Атап айтқанда, бұл А.А.Толегенова, А.А. Елубаева, Л.О. Сарсенбаева, А.К. Егенисова, П.Е. Жарылгасова авторлардың зерттеулері. Алайда, зерттеулердің теориялық шолуы бізге қазақстандық білім беру ортасында жоғары мектепте қызмет атқаратын педагогтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың болжаушысы ретінде әрекет ете алатын эмоционалды интеллектті зерттеудің жүйелі зерттеулері жоқ екенін көрсетті.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде маманның кәсіби маңызды қасиеттері мәселесі бойынша әртүрлі аспектілері көрсетілген: А.А. Деркач, В.Л. Марищук, Б.А. Душков, А.В. Королев, Б.А. Смирнов, С.В. Тарасов, Е.И. Гарбер, В.В. Козача, М.В. Григорьева, Э.Ф. Зеер, А.В. Карпов, Н.В. Кузьмина, О.А. Шушерина, А.К. Маркова. Айтарлықтай үлесті, В.Д. Шадриков, В.А. Бодров, Е.А. Климов, Н.С. Пряжников, В.А. Сластенин сияқты ғалымдар қосты. Қазіргі уақытта келесі ғалымдар кәсіби маңызды қасиеттерді зерттеумен айналысады: К.В. Колесниченко, И.Н. Леонов, А. Р. Григорян, Е.В. Шубина, А.Г. Петрова, С.Г. Лещенко, Ю.А. Анцибор, Т.В. Жукова, В.И. Долгова және тағы басқалар. Зерттеулер арасында педагогтың кәсіби маңызды қасиеттеріне арналған жұмыстар ерекше қызығушылық тудырады: Е.Г. Ромицына, В.А. Мазиллов, Нарулина, О.Г. Старцева, Е.С. Романова, Е.Ю. Максимова, В.В. Белов, А.В. Щиглинская, О.А. Вдовина, Б. Даутова, О.Н. Крылова және тағы басқалар.

Қазақстандық ғалымдардың зерттеулерінде білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында педагогтардың кәсіби дамуы мен құзыреттілігі, жоғары оқу орындары үшін педагогикалық кадрларды даярлау мәселелері қозғалады. Бұл бағытта М.С. Жуматаеваның, М.К. Бапаеваның, К.М. Беркимбаевтың, Ж.Б. Бураеваның, А.А. Есипова мен Б. Сатывалдиеваның жұмыстары орындалған. Отандық зерттеулер ішінде Т.В. Михайлова және Т.А. Парфенованың жұмысы ерекшеленеді, олар орыс және қазақ студенттерінің жоғары мектеп оқытушының кәсіби және тұлғалық критерийлер бойынша идеалды бейнесі бойынша зерттеу нәтижелерін келтірген.

Жоғары мектеп педагогтарының эмоционалды интеллект және кәсіби маңызды қасиеттері тақырыбына арналған еңбектерді талдау бүгінгі таңда отандық психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде эмоционалды интеллект пен кәсіби маңызды қасиеттерінің байланысын зерттейтін ғылыми еңбектердің аздығын көрсетеді. Жоғары мектеп педагог тұлғасының психологиялық-педагогикалық мәдениетінің құрылымында эмоционалды интеллектті зерттеуге, қазіргі білім беру жағдайында қажетті кәсіби маңызды қасиеттерді анықтауға және дамытуға қатысты мәселелер жеткілікті зерттелмеген күйде қалып отыр. Жоғары білім беру жағдайында эмоционалды интеллектті зерттеу педагогтардың кәсіби тиімділігі мәселелерін шешудегі маңызды бағыт болып

табылады, себебі, эмоционалды интеллект қазіргі өмір талабына сай педагогтардың кәсіби деңгейін арттырудың маңызды шарты болып табылады. Осының барлығы біздің зерттеуіміз қазіргі психологиялық-педагогикалық ғылым мен тәжірибенің сұранысына сәйкес келеді деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Осылайша, зерттеу жұмысымыздың өзектілігі білім беру жүйесінде көрінетін қарама-қайшылықтарды шешу қажеттілігімен байланысты:

– білім беру жүйесіндегі педагогтың эмоционалды интеллект пен кәсіби маңызды қасиеттер түсінігін терең талдау қажеттілігі мен осы мәселе бойынша жан-жақты жүйелі зерттеулердің жоқтығы арасында;

– жоғары мектеп педагогтарының кәсіби іс-әрекетіне тиімді кәсіби маңызды қасиеттерді анықтау қажеттігі мен осы мәселені шешуге ғылыми-теориялық негіздеменің және практикалық тәсілдің жоқтығы арасында.

– мамандардың кәсіби деңгейін арттырудың маңызды шарты ретінде эмоционалды интеллектті дамыту қажеттігі мен жоғары білім беру жағдайында эмоционалды интеллектті дамытуын ғылыми-әдістемелік жағынан жеткілікті түрде қамтамасыз етілмеуі арасында.

Осы қарама-қайшылықтарды шешу қажеттілігі және оларды шешудің ғылыми негізделген жолдарын іздеу біздің зерттеу мәселемізді анықтады: жоғары мектеп педагогының эмоционалды интеллектісі мен кәсіби маңызды қасиеттерінің өзара байланысын эмпирикалық зерттеу және эмоционалды интеллектті дамытудың тиімді, ғылыми негізделген жүйесін әзірлеу.

Тұжырымдалған мәселенің теориялық тұрғыдан жеткіліксіз әзірленуі және оны шешудің практикалық маңыздылығы диссертациялық зерттеудің тақырыбын анықтады: **«Жоғары мектеп педагогтарының эмоционалды интеллект пен кәсіби маңызды қасиеттерінің өзара байланысы».**

Зерттеу нысаны: жоғары мектеп педагогтарының кәсіби іс-әрекеті.

Зерттеу пәні: жоғары мектеп педагогтарының эмоционалды интеллект пен кәсіби маңызды қасиеттері арасындағы өзара байланысы және олардың дамуы.

Зерттеу мақсаты: жоғары мектеп педагогының эмоционалды интеллектісі мен кәсіби маңызды қасиеттерінің өзара байланысының құрылымдық-мазмұнды моделін, эмоционалды интеллектті дамыту бағдарламасы мен технологиясын теориялық негіздеу және эксперименталды түрде сынақтан өткізу.

Зерттеудің ғылыми болжамы: егер жоғары мектеп педагогтарының кәсіби іс-әрекетіне жоғары мектеп педагогының эмоционалды интеллектісі мен кәсіби маңызды қасиеттерінің өзара байланысының құрылымдық-мазмұнды моделі, эмоционалды интеллектті дамыту бағдарламасы мен технологиясы енгізілсе, онда бұл кәсіби іс-әрекетінің сапасын арттыруға ықпал етеді, өйткені бұл эмоционалды мәдениет саласындағы білімдердің, іскерліктердің, әлеуметтік дағдылардың мақсатты қалыптасуын, сонымен қатар, кәсіби іс-әрекет үшін қажетті кәсіби маңызды қасиеттердің дамуын қамтамасыз етеді.

Зерттеудің қойылған мақсаты мен болжамына сәйкес зерттеудің міндеттері анықталды:

1. Педагогтың эмоционалды интеллектісі мен кәсіби маңызды

қасиеттерді зерттеудің қазіргі жағдайы мен мағыналық сипаттамасын талдау; жоғары мектеп педагогының эмоционалды интеллектісі мен кәсіби маңызды қасиеттері ұғымдарының мазмұнын нақтылау.

2. Жоғары мектеп педагогтарының кәсіби іс-әрекетіне қажетті кәсіби маңызды қасиеттерін анықтау, негіздеу және жоғары мектеп педагогтарының эмоционалды интеллект пен кәсіби маңызды қасиеттері арасындағы мәнді корреляцияларды анықтау.

3. Қазіргі білім беру кеңістігі жағдайында жоғары мектеп педагогының эмоционалды интеллектісі мен кәсіби маңызды қасиеттерінің өзара байланысының құрылымдық-мазмұнды моделін жобалау.

4. Жоғары мектеп педагогтарының эмоционалды интеллектісін дамыту бағдарламасы мен технологиясын әзірлеу және жүзеге асыру.

5. Жоғары мектеп педагогының эмоционалды интеллектісі мен кәсіби маңызды қасиеттерінің өзара байланысының құрылымдық-мазмұнды моделінің, эмоционалды интеллектті дамыту бағдарламасы мен технологиясының тиімділігін тәжірибелік-эксперименталды жолмен тексеру.

Зерттеудің жетекші идеясы: жоғары мектеп педагогтарының эмоционалды интеллектісі мен кәсіби маңызды қасиеттерінің дамуы жоғары мектеп педагогының эмоционалды интеллектісі мен кәсіби маңызды қасиеттерінің өзара байланысының құрылымдық-мазмұнды моделін, эмоционалды интеллектті дамыту бағдарламасы мен технологиясын ескере отырып жүзеге асырылуы тиіс.

Зерттеудің әдіснамалық және теориялық негізі: когнитивтік және эмоционалды процестер арасындағы байланыс теориялары (Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, С.Л. Рубинштейн және т.б.); эмоционалды интеллекттің заманауи теориялық және эмпирикалық зерттеулері (D. Goleman, R. BarOn, R. Cooper, J.D. Mayer, D. Caruso, P. Salovey, R. Roberts, R.J. Stenberg, M. Zeidner, Э.Л. Носенко, Н.В. Коврига, Д.В. Люсин, М.А. Манойлова, И.Н. Андреева, Е.А. Сергиенко, Е.А. Хлевная, Г.Г. Гарскова, Е.И. Бурдина); кәсіптік білім беру және біліктілікті арттыру жүйелерін жетілдіру бойынша қағидалары мен идеялары (А.А. Бодалев, Е.А. Климов, В.В. Петухов, А.И. Смирнов, Г.А. Урунтаева және т.б.); кәсіби іс-әрекетте тұлғаның дамуы, өзін-өзі дамыту және өзін-өзі жүзеге асыру теориялары (А.Б. Орлов, Л.М. Митина, Н.С. Пряжников, В.И. Долгова, В.К. Шаяхметова, С.М. Жақыпов және т.б.); педагогтың кәсіби маңызды қасиеттері мәселесі бойынша ғылыми қағидалары (Ю.Н. Кулюткин, А.К. Маркова, Е.И. Рогов, В.А. Слостенин және т.б.); кәсіби іс-әрекетті құрылымдық-функционалды зерттеулер (Н.В. Кузьмина, В.Д. Шадриков және басқалар).

Қойылған міндеттерді орындау үшін зерттеу әдістері қолданылды: зерттелетін мәселе бойынша ғылыми әдебиеттерді теориялық (аналитикалық-синтетикалық, салыстырмалы-сәйкестік) талдау; нормативті-құқықтық құжаттарды талдау; арнайы құрастырылған сауалнама «Педагогтың кәсіби маңызды қасиеттерін бағалау»; психодиагностикалық әдістер: Д.В. Люсиннің «Эмоционалды интеллект» («ЭмИн») әдістемесі, М.А. Манойлованың «Эмоционалды интеллект диагностикасы» әдістемесі, «Субъективті бақылау

деңгейі» тестісі (авторалы: Е.Ф.Бажин, Е.А. Голынкин, А.М. Эткинд), Н.П. Фетискиннің стресске төзімділік түрін перцептивті бағалау әдісі, «Коммуникабельділіктің жалпы деңгейі» әдістемесі (авторы: В.Ф. Ряховский), «Толеранттылық индексі» экспресс сауалнамасы, тұлғаның инновативті қасиеттерін өзін-өзі бағалау шкаласы (авторлары: Н.М. Лебедева, А.Н. Татарко); педагогикалық эксперимент; модельдеу әдісі; статистикалық әдістер: корреляциялық талдау, Стьюдент, Спирмен, Манна-Уитни, Вилкоксон өлшемдері. Статистикалық мәліметтерді өңдеу үшін «IBM SPSS Statistics» бағдарламалық пакеті пайдаланылды.

Зерттеу көздері: зерттеу мәселесі бойынша әлеуметтанушылардың, философ ғалымдардың, педагогтардың, психологтардың ғылыми еңбектері; білім беру саласындағы нормативтік құжаттар және ізденушінің педагогикалық және ғылыми-зерттеу тәжірибесі.

Зерттеудің негізгі кезеңдері:

Зерттеудің бірінші кезеңі (2019 – 2020 жж.) – мәселелік-ізденіс кезеңі. Осы кезеңде зерттеу мәселесі бойынша психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге теориялық талдау жүргізілді, өзектілігін негіздеу, зерттеу объектісін, тақырыбын, мақсатын, болжамын мен міндеттерін анықтау жүзеге асырылды, эмоционалды интеллект пен кәсіби маңызды қасиеттер мәселесі бойынша зерттеудің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес әдістемелер таңдалды.

Зерттеудің екінші кезеңі (2020 – 2021 жж.) – эмпирикалық кезең. Осы кезеңде жоғары мектеп педагогының нормативтік-құқықтық құжаттамасы бойынша талаптарға жауап беретін, жоғары мектеп педагогы үшін маңызды және қажетті кәсіби маңызды қасиеттерін анықтау жүзеге асырылды. Эмоционалды интеллект пен кәсіби маңызды қасиеттердің арасында өзара байланыстар анықталды; эксперименттің анықтаушы, қалыптастырушы және бақылау кезеңдері ұйымдастырылды. Жоғары мектеп педагогының эмоционалды интеллектісі мен кәсіби маңызды қасиеттерінің өзара байланысының құрылымдық-мазмұнды моделі жасалды; эмоционалды интеллектті дамыту бағдарламасы әзірленіп, жүзеге асырылды; оның тиімділігін тексеру жүргізілді. Эмоционалды интеллект деңгейі мен кәсіби маңызды қасиеттердің бастапқы және қорытынды диагностикасы жүргізілді.

Зерттеудің үшінші кезеңі (2021 – 2022 жж.) – қорытынды кезең, оның барысында зерттеудің барлық кезеңдерінің нәтижелері математикалық және статистикалық өңделді және жинақталды, тәжірибелік-эксперименттік жұмысқа талдау жүргізілді, қорытындылар тұжырымдалып, диссертациялық жұмыс рәсімделді.

Зерттеу базасы: Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті.

Эмпирикалық зерттеудің әр кезеңінде мақсаттар мен міндеттерге сәйкес таңдамалар топтары құрылды. Әдістемені қазақ тіліне бейімдеуге 24 пен 28 жас аралығындағы 160 респондент (48 ер адам және 112 әйел) қатысты. Жоғары мектеп педагогының кәсіби маңызды қасиеттерін анықтау бойынша пилотажды зерттеуге 1 және 2 курстың 60 магистрант қатысты. Эмоционалды интеллект пен кәсіби маңызды қасиеттерді эмпирикалық зерттеуге университеттің 382

оқытушысы (260 әйел және 122 ер адам) қатысты.

Эмоционалды интеллект пен кәсіби маңызды қасиеттердің даму динамикасын зерттеу үшін жалпы саны 100 педагогтан (74 әйел және 26 ер адам) бақылау және эксперименттік топтар құрылды. Эксперименттік топқа университеттің 48 оқытушысы кірді, олар эмоционалды интеллектті дамыту бағдарламасына қатысты. Бақылау тобын бағдарламаға қатыспаған 52 педагог құрды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық маңыздылығы:

1. Эмоционалды интеллекттің және кәсіби маңызды қасиеттердің қазіргі жағдайы мен мағыналық сипаттамасын талдау, «эмоционалды интеллект» және «жоғары мектеп педагогының кәсіби маңызды қасиеттері» ұғымдарын нақтылауға мүмкіндік берді.

2. Жоғары мектеп педагогтарының нормативтік-құқықтық құжаттамасы бойынша (Қазақстанның «Ұлттық біліктілік шеңбері», «Педагог» кәсіби стандарты) талаптарына сәйкес келетін және пилотажды зерттеу нәтижелері бойынша қажетті кәсіби маңызды қасиеттер анықталып негізделді: жауапкершілік, коммуникабельділік, стресске төзімділік, толеранттылық және креативтілік. Жоғары мектеп педагогтарының эмоционалды интеллект пен кәсіби маңызды қасиеттерінің көрсеткіштері арасында өзара байланыс анықталды.

3. Жоғары мектеп педагогының эмоционалды интеллектісі мен кәсіби маңызды қасиеттерінің өзара байланысының құрылымдық-мазмұнды моделі әзірленді.

4. Жоғары мектеп педагогтарының эмоционалды интеллектісін дамыту бағдарламасы мен технологиясы әзірленді және жүзеге асырылды.

5. Жоғары мектеп педагогының эмоционалды интеллектісі мен кәсіби маңызды қасиеттерінің өзара байланысының құрылымдық-мазмұнды моделінің, эмоционалды интеллектті дамыту бағдарламасы мен технологиясының тиімділігі тәжірибелік-эксперименталды жолмен тексерілді, жоғары мектеп педагогтарының эмоционалды интеллектісі мен кәсіби маңызды қасиеттерінің дамуының оң динамикасы анықталды.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы:

1. Қазақ тіліне бейімделген Д.В.Люсиннің «Эмоционалды интеллект» («ЭМИн») әдістемесі авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне енгізілді (№ 29170 куәлік).

2. Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің «Педагогикалық шеберлікті дамыту орталығының» жұмысына енгізілген екі тілде (қазақ және орыс) эмоционалды интеллектті дамыту тренинг бағдарламалары (№ 27445 және № 29106 куәліктер) әзірленді және сынақтан өтті.

3. Алғаш рет қазақ тілінде эмоционалды экспрессивті лексиканы қалыптастыруға ықпал ететін, адамға өз тәжірибесі мен сезімін дәлірек бағалауға және түсінуге мүмкіндік беретін құрал (эмоционалды сөздердің карточкасы) құрастырылды.

4. «Эмоционалды интеллектті зерттеудің қазіргі тенденциялары» арнайы

курсы әзірленіп, университеттің педагогикалық процесінде сынақтан өтті.

5. «Эмоционалды интеллектті зерттеудің қазіргі тенденциялары» арнайы курс бойынша әдістемелік қамтамасыз ету: оқу бағдарламасы, электронды дәрістер, мультимедиялық презентациялар әзірленді.

Қорғауға ұсынылатын зерттеудің негізгі қағидалары:

1. Эмоционалды интеллект – когнитивті компоненті айқын когнитивті-тұлғалық құрылым, эмоцияларды түсіну және басқару үшін ақыл-ой қабілеттерінің жиынтығы, сонымен қатар білім беру жүйесіндегі табысты кәсіби іс-әрекет үшін қажетті кәсіби маңызды қасиеттердің дамуына әсер ететін коммуникативті, эмоционалды, интеллектуалды және реттеуші қабілеттердің жиынтығы. Жоғары мектеп педагогының кәсіби маңызды қасиеттері – кәсіби іс-әрекетті (оқытушылық, ғылыми-зерттеу, кәсіби-тұлғалық өзін-өзі дамыту, әлеуметтік-кәсіби өзара әрекеттесу) тиімді орындауды қамтамасыз ететін психологиялық қасиеттер мен кәсіпті сәтті игеруге ықпал ететін қабілеттер.

2. Жоғары мектеп педагогтарының кәсіби маңызды қасиеттеріне нормативтік-құқықтық құжаттамасы бойынша (Қазақстанның «Ұлттық біліктілік шеңбері», «Педагог» кәсіби стандарты) талаптарға сәйкес келетін қасиеттер және пилотажды зерттеу нәтижелері бойынша қажетті қасиеттер кіреді: жауапкершілік (өз іс-әрекеттеріне, істеріне есеп беру және олардың мүмкін болатын салдары үшін жауап беру қажеттілігі, міндеті ретінде көрінетін қасиет), коммуникабельділік (басқалармен қарым-қатынаста және өзара әрекеттестікте оң байланыстарды оңай орнатуға, қолдауға және сақтауға дайындығы мен қабілеті), стресске төзімділік (стресстің әртүрлі түрлеріне төзімділікті анықтайтын жеке тұлғалық қасиеттердің жиынтығы), креативтілік (қоршаған ортаны, заттар мен жағдайларды әдеттен тыс пайдалана отырып, мақсатқа жету, үмітсіз болып көрінетін жағдайдан шығудың жолын табу қабілеті), толеранттылық (басқа мәдениеттерді, өзін-өзі таныту тәсілдерін және адам даралығын көрінулерін құрметтеу, қабылдау және дұрыс түсінуінде көрінетін қасиет). Жоғары мектеп педагогтарының эмоционалды интеллект пен кәсіби маңызды қасиеттерінің көрсеткіштері арасында өзара байланыс болады, яғни жоғары мектеп педагогтарының:

– өз эмоцияларын басқару, экспрессияны бақылау және эмоцияларды басқару жалпы интерналдылықпен оң корреляцияда өзара байланысады; басқа адамдардың эмоцияларын түсіну және экспрессияны бақылау жетістіктердің интерналдылығымен; тұлғааралық эмоционалды интеллект сәтсіздіктер саласындағы интерналдылықпен және тұлғааралық қатынастар саласындағы интерналдылықпен; өз эмоцияларын басқару және эмоцияларды басқару өндірістік қатынастар саласындағы интерналдылықпен; эмоцияларды түсіну денсаулық пен ауру саласындағы интерналдылықпен байланысады;

– педагогтардың өз эмоцияларын түсіну, басқа адамдардың эмоцияларын түсіну және жалпы эмоцияларды түсіну креативтілікпен байланысады;

– педагогтардың басқа адамдардың эмоцияларын түсіну, тұлғааралық эмоционалды интеллект және жалпы эмоцияларды түсінуі коммуникабельділікпен байланысады;

– педагогтардың өз эмоцияларын басқару, экспрессияны бақылау және

эмоцияларды басқару стресске төзімділікпен байланысады;

– педагогтардың басқаның эмоцияларын танып білу, басқаның эмоцияларын басқару, жалпы эмоцияларды басқару толеранттылықпен; басқаның эмоцияларын басқару этникалық толеранттылықпен және тұлғаның сипаты ретіндегі толеранттылықпен; тұлғааралық эмоционалды интеллект элеуметтік толеранттылықпен; тұлғашылық эмоционалды интеллект тұлғаның сипаты ретіндегі толеранттылықпен байланысады.

3. Жоғары мектеп педагогының эмоционалды интеллект пен кәсіби маңызды қасиеттерінің өзара байланысының құрылымдық-мазмұнды моделі мақсатты блокты (эмоционалды интеллект пен кәсіби маңызды қасиеттерді дамыту, әдіснамалық бағыттар, принциптер); мазмұнды-процессуалды блокты (эмоционалды интеллекттің даму бағдарламасы мен технологиясы, компоненттер және жұмыс формалары); нәтижелі блокты (жоғары мектеп педагогының эмоционалды интеллект пен кәсіби маңызды қасиеттердің жоғарлауы) қамтиды.

4. *Эмоционалды интеллектті дамыту бағдарламасы* – жоғары мектеп педагогтарының кәсіби маңызды қасиеттердің негізі ретіндегі эмоционалды интеллектті дамытуға бағытталған кешенді шаралар жүйесі.

Эмоционалды интеллектті дамыту технологиясы эмоционалды интеллектті дамыту бойынша жеке деңгейлер арасындағы өзара әрекеттесулердің реттілігі мен ұйымдастырылуымен сипатталатын күрделі көп деңгейлі жүйелердегі құрылымдық қатынастар кешені. Эмоционалды интеллекттің даму кезеңдері иерархиялық принциппен, яғни төменгі элементтерді қатаң белгіленген сатыларға бағындыру тәртібі және төменгі деңгейден жоғары деңгейге өту ретінде орналасқан.

5. Жауапкершілік, коммуникабельділік, стресске төзімділік, толеранттылық және креативтілік сияқты кәсіби маңызды қасиеттерді эмоционалды интеллектті дамыту арқылы жоғарлатуға болады.

Зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу және тәжірибеге ендірілуі:

Диссертациялық зерттеудің негізгі ережелері, нәтижелері мен қорытындылары академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде өткізілетін кафедра отырыстарында және ғылыми-әдістемелік семинарларда жүйелі түрде талқылауға шығарылды. Диссертация материалдары ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда жарияланған мақалаларда көрініс тапты: («Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы», «Психология» сериясы 2021; «Торайғыров университетінің Хабаршысы», «Педагогика» сериясы 2021; «Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы», «Психология» сериясы 2021; «Қарағанды университетінің Хабаршысы», «Педагогика» сериясы, 2022; «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. «Педагогика. Психология. Элеуметтану» сериясы, 2022); халықаралық конференциялар материалдарында (Уфа, 2020; Уфа, 2020); «Scopus» дерекқорында индекстелген жарияланымда («Journal of Applied Research in Higher Education», 2022).

Зерттеу нәтижелері мен қорытындылардың дәлелділігі мен негізділігі зерттеудің бастапқы теориялық қағидаларының ғылыми-әдістемелік

негізділігімен, мәселені жүйелі түрде қарастырумен, эмпирикалық зерттеу бағдарламасымен, таңдалған зерттеу әдістерінің сәйкестігімен, эмпирикалық деректердің сенімділігімен, таңдаманың жеткілікті санымен, сандық деректерді өңдеу үшін математикалық статистика әдістерін олардың сапалық талдауымен үйлестіре дұрыс қолданумен қамтамасыз етіледі.

Диссертация құрылымы: диссертация кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Жұмыста 17 кесте және 29 сурет бар. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі 214 дереккөзден тұрады.

Кіріспеде зерттеу тақырыбының өзектілігі мен таңдауы негізделеді; зерттеу объектісі мен пәні айқындалады; ғылыми зерттеудің мақсаты, болжамы, міндеттері қалыптастырылады; зерттеудің әдіснамалық және теориялық базасы, әдістері ұсынылады; зерттеу кезеңдері мен рәсімі айқындалады; зерттеу базасы белгіленеді; зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық маңыздылығы, практикалық маңыздылығы негізделеді; зерттеудің негізгі қағидалары ашылады; зерттеу нәтижелерін апробациялау және енгізу, алынған деректердің дұрыстығы мен сенімділігі туралы мәліметтер қамтылады; диссертацияның құрылымы берілген.

Диссертацияның бірінші тарауында **«Жоғары білім контекстіндегі эмоционалды интеллект пен кәсіби маңызды қасиеттердің байланысын зерттеудің теориялық аспектілері»** тарауында психологияның категориялық аппаратына «эмоционалды интеллект» ұғымының енуі бойынша, әдіснамалық бағыттарына, интеллекттің негізгі модельдеріне талдау жасалады. Эмоционалды интеллект тұжырымдамаларын талдау нәтижесінде эмоционалды интеллекттің көптеген түсіндірмелеріндегі ортақ мағыналар айқындалады. Эмоционалды интеллект феномені оның қолданбалы маңыздылығы мен жеке өмірдің әртүрлі салаларындағы практикалық пайдасы сипатталады, білім беру контекстіндегі эмоционалды интеллекттің орны анықталады. Психологиялық-педагогикалық проблема ретінде кәсіби маңызды қасиеттердің қазіргі жағдайы мен мағыналық сипаттамасы, кәсіби маңызды қасиеттердің құрылымы бойынша талдау жасалған. Педагогтың табысты кәсіби іс-әрекетінің детерминанты ретінде эмоционалды интеллекттің эмпирикалық зерттеулеріне, жоғары білім беру аясындағы педагогтың кәсіби маңызды қасиеттері бойынша зерттеулерге шолу жасалады. Эмоционалды интеллект пен жоғары мектеп педагогының кәсіби маңызды қасиеттердің ұғымдары нақтыланады.

«Жоғары мектеп педагогтарының эмоционалды интеллект пен кәсіби маңызды қасиеттерінің өзара байланысы» екінші тарауда эмоционалды интеллект деңгейі мен кәсіби маңызды қасиеттердің өзара байланысын зерттеудің эмпирикалық аспектілері келтірілген. Эмоционалды интеллект пен кәсіби маңызды қасиеттерді зерттеудің әдістемелік құралдарының негіздемесі, жоғары мектеп педагогының нормативтік-құқықтық құжаттамасы бойынша талаптарға сәйкес келетін және пилотажды зерттеу нәтижелері бойынша қажетті кәсіби маңызды қасиеттерді анықтау және бағалау нәтижелерінің сипаттамасы беріледі. Жоғары мектеп педагогтарының эмоционалды интеллектісі мен кәсіби маңызды қасиеттерінің өзара байланысын

корреляциялық талдау нәтижелері келтірілген.

«Жоғары мектеп педагогының эмоционалды интеллект пен кәсіби маңызды қасиеттерінің өзара байланысының құрылымдық-мазмұнды моделінің және эмоционалды интеллектті дамыту бағдарламасының тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік тексеру» үшінші тарауда жоғары мектеп педагогының эмоционалды интеллект пен кәсіби маңызды қасиеттерінің өзара байланысының құрылымдық-мазмұнды моделінің мазмұны; эмоционалды интеллектті дамыту бағдарламасы мен технологиясының сипаттамасы беріледі. Жоғары мектеп педагогының эмоционалды интеллектісі мен кәсіби маңызды қасиеттерінің өзара байланысының құрылымдық-мазмұнды моделінің, эмоционалды интеллектті дамыту бағдарламасының тиімділігін тексеру бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері келтіріледі.

Қорытындыда зерттеудің болжамы мен қорғауға ұсынылған қағидаларды растайтын түйіндер тұжырымдалған.

Қосымшада диссертацияның негізгі мәтінін толықтыратын материалдар: сауалнаманың бейімделу көрсеткіштері, бейімделген «Эмоционалды интеллект» сауалнамасының қазақша нұсқасы, авторлық куәліктер, педагогтың кәсіби маңызды қасиеттерін бағалау сауалнамасы, эмоционалды интеллектті дамыту бағдарламасының мазмұны, авторлық шарттар, енгізу актілері, эмоционалды интеллектті дамыту тренинг бағдарламасы, эксперименттік мәліметтер кестелері ұсынылады.